

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

Өткізу мерзімі: 2024 жыл 29 қараша

Тақырыбы: «Ұлттық тәрбие негізінде балалардың адамгершілік және тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту»

Қатысқан: педагогикалық ұжым

Күн тәртібінде:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.
Меңгеруші Ж. Дюсенова
2. Таныстырылым «Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық материалдар дайындау»
Инновация әдіскері А. Абдукадирова
3. «Сахналық қойылым арқылы балалардың тілін дамыту»
Тәрбиеші Б. Рашаева
4. Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі»
Педагог-психолог Т. Туякбаева
5. №2 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс - әрекеттерінің анықтамасы
Әдіскер Л. Дуйсекулова
6. №2 педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту
Меңгеруші Ж. Дюсенова

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз бастаған балабақшаның меңгерушісі Ж. Дюсенова педагогтерді №2 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, №1 педагогикалық кеңестің шешімінің толыққанды орындалуына тоқталды. Педагогтердің өз қызметтерін үлкен жауапкершілікпен атқарып жатқанын айтып өтті. Күн тәртібінің дұрыс сақталуына көңіл бөліп, ата-аналармен тығыз байланыста болуға шақырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.А.Абдукадирова «Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық материалдар дайындау» бойынша таныстырылымын көрсетті. Әр топтың жас ерекшелігіне сай дағдыларды дамыту мақсатында өзінің тиімділігі бар дидактикалық ойындарды қолдану керегін ескертті. Дидактикалық ойындарды ойнау арқылы балалар жан-жақты дамып, сөздік қорлары молайып, бір-бірімен тығыз қарым – қатынасқа түсетінін айтты. Бұл ойындарды балалар жеке және топтық жұмыстарды іске асыру барысында қолданылу өте маңызды. Ойнап отырып ойландыратын ойындар арқылы зияткерлік қабілеттерінің артатынын сөз етті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақшаның тәрбиешісі Б. Рашаева «Сахналық қойылым арқылы балалардың тілін дамыту» тақырыбындағы баяндамасымен бөлісті. Сахналық қойылымдар арқылы балалар түрлі кейіпкерлердің рөлдерін сомдап, диалог құру арқылы коммуникативтік қабілеттерінің дамып жетілетінін айтты. Қойылымдар арқылы жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің мінез-құлқын, көңіл-күйлерін, жасап жатқан іс-әрекеттерін зерттейді. Достыққа, татулыққа, адамгершілікке, мейірімділікке, жанашырлыққа бағытталған ертегілерді сахналау арқылы балаларды ұлттық тәрбиеге бағыттау педагогтер қауымының міндеті екенін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның педагог-психологі Т. Туякбаева «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбындағы баяндамасымен бөлісті. Оқу жылының басынан бері бақылауға алған балалардың бейімделуіне тоқталды. Әр баланың жас ерекшелігіне байланысты бейімделуі де әр түрлі болатынын түсіндірді. Жалпы бейімделу жеңіл, орташа, күрделі болып үш түрге бөлінетінін және жалпы есеппен алғанда 2024-2025 оқу жылында қабылданған тәрбиеленушілердің бейімделуін орташа деңгейде бейімделгенін сөз етті. Бала балабақшаға тез бейімделуі үшін отбасында ата-анасының да ықпалы өте зор екенін түсіндіріп тәрбиешілерді балаларға мейірімді болуға шақырды.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л. Дуйсекулова № 2 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс - әрекеттерінің анықтамасына тоқталды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ұсынылған жаңашылдықтарды күнделікті іс-әрекетте жандандыруды, кеткен кемшіліктердің орнын толтыру үшін нәтижелі жұмыстар жасап, алдағы уақытта өз істеріне үлкен жауапкершілікпен қарауды тапсырды. Тәрбиеленушілерді ойната отырып бойларына ұлттық құндылықты, ұлттық тәрбиені сіңіруді, патриоттық сезімдерін оятуды ұсынды.

Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша балабақшаның меңгерушісі Ж.Дюсенова №2 педагогикалық кеңестің шешімін шығарды.

Шешімдер қабылданды:

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық материалдар дайындалып, күнделікті іс-әрекет барысында тиімді қолданылсын

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер

2. Тәрбиеші Б.Рашаеваның «Сахналық қойылым арқылы балалардың тілін дамыту» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымына толықтырулар енгізілсін.

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиеші

3. Балабақшаға бейімделу процесі күрделі балалармен жүйелі жұмыстар жүргізілсін.

Жауапты: педагог-психолог, тәрбиешілер

4.Ұйымдастырылған іс-әрекеттер үлгілік оқу бағдарламасына сай жүйелі ұйымдастырылсын.

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер

5.Осы шешімдердің орындалуын қадағалаудыөзіме қалдырамын

Балабақша меңгерушісі: Ж. Дюсенова

Хатшы: А.Қосбармахова

